

6D080900 - «Жеміс-көкөніс шаруашылығы» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған диссертацияға
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ШҚІРІ

Диссертациялық жұмыстың авторы: ЗОРЖАНОВ БЕРИК
ДОКТОРХАНУЛЫ, ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ ЗЕРТТЕУ
УНИВЕРСИТЕТІ

Диссертациялық тақырыбы: «Қазақстанның оңтүстік-шығысында
экологиялық таза бақша өнімдерін өндіру технологиясы»

Доктор PhD Біржан Сұлтанұлы Рахымжанов, кәсіби бағыты – *Жеміс-көкөніс шаруашылығы*, ғылыми мамандығы – «*Жеміс-көкөніс шаруашылығы*», «Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ҒЗИ» ЖПС «Қайнар» аймақтық филиалының аға ғылыми қызметкері - Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Зоржанов Б.Д. қорғауға ұсынған диссертациялық жұмыс еліміздің өндірісі үшін өте өзекті тақырыпқа – Қазақстанның оңтүстік-шығысы жағдайында өсіру технологиясы элементтерін биологияландыру жолымен маңызды бақша дақылдары қарбыздан экологиялық таза бақша өнімдерін өндіру технологиясын зерттеуге арналған.

Халықтың әл-ауқатының және экономикалық қатынастардың салауатты өмір салтын насихаттау бағытындағы ақпараттардың дамуына, сонымен қатар ауыл шаруашылық химиясы (тыңайтқыштар, пестицидтер) мен селекциясының (гендік өзгертілген ағзалар мен будандық тұқымдар) еркін сауда айналымына түсуіне байланысты азық-түлік нарығында сапасы күмәнді өнімдер мөлшері мен олар жайлы сапалық ақпараттар артуы. Соңғы жылдардағы егістіктердегі зиянкестер мен аурулар санының артуы мен адамдарда түрлі азықтарды тұтынуындағы, сондай-ақ тыныс алуындағы аллергиялық әдеттердің көбеюінің де басты себептерінің бірі ретінде - түрлі химиялық синтезделген пестицидтерді кеңінен пайдалану, сондай-ақ гендік өзгертілген ағзаларды жиі қолдану салдарынан деген пікір бар. Осыған орай, әсіресе өсімдік шаруашылығы өнімдері нарығында «экологиялық таза» және «органикалық» деген брендтерге деген сенім туындауда.

Еліміздегі бақша дақылдарының арасындағы қарбыз дақылдары еліміздің ішкі нарығы үшін де, сондай-ақ сыртқы нарығы үшін де аса маңызды дақылдардың біріне жатады. Қарбыздың елімізде кеңінен өсірілетін бақша дақылдарына жататын қауын және асқабақ дақылдарына қарағанда өндіру көлемі де, сонымен қатар нарықтағы үлесі де өте жоғары. Бұл дақылдың жеңіл сіңімділігі, сақталғыншығы мен тасымалданғыншығының жоғарылығы және аптап ыстықтарда шөлді бағын, ағзаға сергіту қасиеттерін бере алатындығымен байланысты. Демек, дақылдың өсіріп-өндіруді биологияландыру жолымен оның барлық азықтық және гигиеналық

талаптарға сай «экологиялық таза» өнімін алу – еліміздің ауылшаруашылық тауарларын өндірушілерінің жоғары табысына кепілдік бола алады және ел тұрғындарының денсаулығының жақсаруына серпін береді.

Докторанттың осы бағыттағы өсіріп-өндірі технологиясы элементтерін биологияландыру жолымен «экологиялық таза бакша» өнімдерін алуға бастама болатын технологияны құрастыруға бағытталған жұмысының мәні өте жоғары.

Осы зерттеу жұмыстарының нәтижелері еліміздегі экологиялық таза бакша өнімдерін алу жөнінен ғылым мен өндірістің дамуына жаңа серпін бере алады, экологиялық таза бакша өнімдерін өндіру бойынша биологиялық технологиялардың негізін қалайды. Биологияландырылған технология мен экологиялық таза бакша өнімдерін өсіруші шаруашылықтар өздері өндірілген азықтық құнарлылығы жоғары талаптарға сай, құрамындағы нитрат және ауыр-металлдардың мөлшері денсаулық сақтау талаптарына сәйкес келетін қарбыз өнімдері тұтынушылардың денсаулығын жақсартады, ал бакша шаруашылықтарының жоғарғы табысына кепілдік береді.

Жоғарыда айтылған себептерге байланысты биологияландырылған бакша шаруашылығы бағытындағы зерттеулер өзінің өзекті екендігін көрсетеді және бакша өнімдерін өндірушілер мен тұтынушылар үшін өте маңызды.

Докторанттың зерттеулерінде Қазақстанның оңтүстік-шығысы жағдайына бейімделген отандық селекцияның экологиялық жаңа сұрыптарын пайдалану, қарбызды зиянды организмдерден қорғау және минералдық қоректендіру жүйелерін биологияландыру жолымен экологиялық таза бакша өнімдерінің өндірісін қамтамасыз ету мәселесі негізгі мақсат ретінде қарастырылған.

Диссертациялық жұмыстың зерттеу нәтижелері республика тұрғысынан алғанда аса жоғары маңызға ие, себебі халықты экологиялық таза бакша өнімдерімен қамтамасыз етуге арналған «биологиялық бакша өнімдерін өндіру технологиясын» құрастыруға бағытталған.

Диссертациялық зерттеулер нәтижелерінің негізінде әзірленген бакша өнімін өндірудің экологиялық агротехнологиясы қайта өңдеу өнеркәсібі үшін де маңызға ие, өйткені қайта өңдеу саласын да саналы, экологиялық таза бакша шикі заттарымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Докторанттың зерттеу жұмыстары аясында Мемлекеттік сортсынаққа қарбыздың жаңа отандық сортын мемлекеттік тіркеуден өткізіп, селекциялық жетістікке патент алынды. Классикалық будандастыру жолымен алынған жаңа сорттың атауы – «**Грант**».

Докторанттың зерттеулері – республикамыз үшін зерттеудің жаңа бағыты болып саналады, өйткені тәуелсіздік жылдарындағы бакша шаруашылығы саласындағы зерттеулердің басым бөлігі – селекция, тұқым шаруашылығы бағытында болды. Сонымен қатар бұл жұмыстың қарбызды өндіруде – классикалық селекциямен алынған сорт, биологияландырылған ауыспалы егістік, органикалық қоректендіру мен биологиялық және ультра

төменгі мөлшердегі өсімдік қорғауды қамтыған «экологиялық таза» өнім алу бағытындағы тұтастай кешенді алғашқы зерттеулердің бірі болып табылады.

Докторанттың диссертациялық жұмысы бойынша егістік зерттеулер «Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу және тұтыну» ЖҰПС-нің «Қайнар» аумақтық филиалындағы көкөніс және бақпақ дақылдарының селекциясы бөлімінде жүргізілді. Зерттеу ҚҰ БЖҒМ қаржыландырылған жастар арасындағы АР08052493 «Қазақстанның оңтүстік-шығысы жағдайында экологиялық таза бақпақ (қауын, қарбыз) өнімдерін өндіру технологиясы» тақырыбындағы гранттық жоба (Мемлекеттік тіркеу №0120РК00175) аясында жүргізілді. Докторант Б.Д. Зоржанов гранттық жобаға оның басталуынан аяқталуына дейін белсенді орындаушысы ретінде қатысты.

Докторанттың қатысуымен докторлық зерттеулер нәтижелері негізінде 19 ғылыми еңбек жарияланды, оның ішінде: SCOPUS деректер базасында дәйектелетін – 3 мақала, БССҚК ұсынған бағылымдарға – 2 мақала, 2 өндіріске ұсыныстар бар. 2021 жылы Мемлекеттік сарынаққа және патентке қабілеттілікке қарбыздың отандық жаңа **ГРАНТ** сорты ұсынылып, 2024 жылы аталған сортқа селекциялық жетістікке патент алынды.

Жоғарыда баяндалған жағдайларды ескере отырып, докторант Б.Д. Зоржановтың «Қазақстанның оңтүстік-шығысында экологиялық таза бақпақ өнімдерін өндіру технологиясы» тақырыбы бойынша дайындалған диссертациялық жұмысы ғылыми жаңашылдыққа, яғни, тәжірибелік құндылығы жоғары және зерттеу сенімді нәтижелерге не маңызды ғылыми еңбек деп есептеймін.

Диссертациялық жұмыс 6D080900 - «Жеміс-көкөніс шаруашылығы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға толығымен сәйкес келеді, ал оның авторы Зоржанов Берік Докторхановичке 6D080900 - «Жеміс-көкөніс шаруашылығы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға әбден лайық деп санаймын.

Ғылыми кеңесші,

«Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ҒЗИ» ЖҰПС,

«Қайнар» АФ аға ғылыми қызметкері, PhD

Рахымжанов Б.С. Рахымжанов

13.04.2024 ж.



13.04.2024 ж.